

УДК 327

Б. Қ. Қилыбаева, *т.ғ.к., доцент;*
А. М. Исалиева, *докторант;*
А. Н. Оспанова, *т.ғ.к., доцент,*
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
Университеті

ӘЛЕМНІҢ ЖЕТЕКШІ ЕЛДЕРІНІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Аңдатпа

Орталық Азия аймағы елдерінің тарихи және геосаяси фактор бойынша Ресеймен барлық деңгейдегі өзара ықпалдасуы, ұлттық мүдделерді ескере отырып ҚХР-мен жан-жақты стратегиялық серіктестікті нығайту, АҚШ-пен екі жақты қарым-қатынастың бүкіл спектрі бойынша стратегиялық әріптестікті тереңдету, ЕО-пен өзара ықпалдастықтың негізгі бағыттарын айқындау шеңберіндегі ықпалы түйінделеді.

Трек сөздер: Орталық Азия, интеграция, империялық амбиция, бәсекелестік.

Аннотация

В статье дается определение основным направлениям сотрудничества стран Центрально-Азиатского региона с ведущими странами мира. В частности: по линии исторического и геополитического фактора взаимодействие с Россией, соблюдение национальных интересов в развитии многостороннего стратегического партнерства с КНР, активизация двусторонних отношений с США, взаимопроникновение в отношениях с ЕС.

Ключевые слова: Центральная Азия, интеграция, имперские амбиции, конкуренция.

Abstract

In article is considering the main directions of cooperation of Central Asian countries with the leading countries of the world. In particular: according a historical and geopolitical factor interaction with Russia, adhering to national interests development of multilateral strategic partnership with the People's Republic of China, activation of the double-sided relations with the USA, interpenetration in the relations with EU.

Key words: Central Asia, integration, imperial ambitions, competition.

Қазіргі кезеңдегі ғаламдану жағдайында және жаңадан қалыптасып келе жатқан көптүрлі әлемдік жүйенің дамуында Орталық Азия аймағы геоэкономикалық тұрғыда маңызды орын алуда. Орталық Азия мемлекеттерінің саяси трансформациялануы мен қауіпсіздік жүйелерінің қалыптасуына ішкі тәртіп факторларымен қатар сыртқы факторлар да елеулі әсер етіп келеді. Атап айтқанда Ресей, Қытай, АҚШ және ЕО секілді жетекші саяси ойыншылардың ықпалы туралы сөз қозғалмақ.

XXI ғасырдың алғаш онжылдығында алып державалардың ОА-ға деген назарының артуы аймақтың ауқымды халықаралық саясатта нысанаға айналуының алғышарты болды және осы тұста АҚШ және ЕО секілді сыртқы ойыншылардың ұмтылуы айқын байқалды. Ресей және Қытайдың дәстүрлі мүдделері негізінде аймақта ынтымақтастық пен өзара қолдау бақталастық пен өзара қауіптенумен ұштаса жүретін бәсекелестік орта қалыптасты [1, 104 б.].

Орталық Азия аймағы Ресей, Қытай және Батыс әлемінің (АҚШ пен ЕО) мүддесі қиылысқан геостратегиялық маңызды аймақ болып отыр. Аймақ елдерінің көшбасшылары ұлттық мүдделерін сақтап қалу үшін аталған алып державалардың арасында еппен ғана амалдауға мәжбүр. Қазақстан, Түрікменстан және Өзбекстан елдері мұнай мен газ қорына бай болғандықтан, Мәскеу мен Пекиннің назарында. Ал Вашингтон ЕО елдерінің орталық азиялық энергоресурстарға қол жеткізуін қалайды (Ресейге балама ретінде). АҚШ үшін Орталық Азия аймағы – Ресей, Қытай, Иран және болашақта Пәкістан елдеріне қарсы тұратын стратегиялық алаң. Дегенмен Орталық Азиядағы Ресейдің позициясы әлі бәз-баяғы берік қалпында тұр. Қазақстан мен Өзбекстан өзіндегі энергоресурстарды әлі де Ресей арқылы сыртқа тасымалдауға ниет білдіріп отырған болса, Ресейдің Түрікменстанмен жасасқан келісімдері әлі біраз жылдарға созылады. Бұл аймаққа деген Қытайдың саясаты да екпінді жүріп жатыр. Орталық Азияның саяси картасында аталған елдерімен қатар, Ауғанстан, Түркия және Иран секілді аймақтық деңгейдегі мемлекеттер рөлі де артуда. Аймақтың посткеңестік елдеріне деген қызығушылық Үндістан, Пәкістан және Жапония тарапынан да байқалады.

Ресей мен аймақ республикаларын ортақ экономикалық, саяси және әскери мүдделер байланыстырып отыр. ОА-да РФ үшін маңызды байланыс әрі стратегиялық объектілер (мысалы,

Байқоңыр), қазба байлықтары мен ресурстары, мұнай және газ тасымалдау маршруттары орналасқан. Сонымен қатар ОА аймағы Қытайға, Үндістанға және Шығыс мұсылман елдеріне жол ашатын аймақтағы өзінің стратегиялық позицияларын да нығайтып алуды қажет етеді.

Жалпы алғанда Ресейдің ОА-ғы ұлттық мүдделерін төмендегідей сараптауға болады:

– аймақтың барлық мемлекеттерімен әріптестік қатынасты сақтау негізінде тұрақтылықты қамтамасыз ету;

– Ресейдің әлемдік және аймақтық держава ретінде іс жүзіндегі және статустық мәселелерін шешу мақсатында аймақ елдерінің геосаяси әлеуетін пайдалану;

– аймақтағы Ресейдің жетекшілік рөлін халықаралық деңгейде таныту [2, 6 б.].

Осы тұста Ресей алдында келесідей міндеттер қойылады: қолда бар көп жақты механизмдерді тиімді қолдану; оңтүстік шекараларды реттеу; әскери ынтымақтастықты қамтамасыз ету және дамыту; ОА-ның энергетикалық және табиғи-ресурстық әлеуетін пайдалану және осы салалар бойынша аймақ нарығына ресейлік компаниялардың енуіне жағдай жасау; аймақ елдерімен ресейлік экспорт құрылымдарының пайдаланылуын қарастыру.

Қысқаша айтқанда, Ресейдің мүдделері демократияны аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ұзақ мерзімдік стратегия ретінде қарастыратын АҚШ ұстанымдарынан біршама айрықша. Ресей Америкамен дәріптеліп отырған экстремизм және терроризм мәселелерін шешудегі бұл саясат астарында өзге мақсат – өзге сыртқы саяси ойыншылар (РФ, Қытай) мен олар көшбасшылық жасап отырған құрылымдар (ШЫҰ) тарапынан кедергісіз аймақтағы барлық экономикалық әрі саяси үрдістерді өз бақылауында ұстау көзделіп отыр деген ойды ұстанады.

Аймақта Ресей сенімді әрі белгілі әріптес ретінде пікір қалыптастырды. Көпұлтты, көп конфессиялық зайырлы Ресей үшін ОА аймағында тереңдей орнаған саяси билік пен саяси тәртіптердің дәстүрі маңызды болып табылады.

Ресей, қуат ресурстарының аса ірі экспортері ретінде Орталық Азияны жергілікті режимдерге саяси ықпал ету тұрғысынан қарайды. Ондағы мақсаты – әлемдік нарыққа көмірсутектерін ресейлік құбырлар арқылы жеткізіп тұру. Бұл Ресей үшін Еуропамен сыртқы саяси байланыстарда маңызды фактор. Себебі транзиттік мемлекет болып отырса да, мұнай мен газды негізгі жеткізушілердің бірі болып отырған соң, ол Еуропаны дегеніне оңай көндіре алады. Өңірдегі негізгі серіктестері Түркменстан, Қазақстан мен Өзбекстан. Сондықтан РФ әр кез осы республикалардың өздерінің көмірсутектерін сыртқа тасымалдауын әртараптандыру әрекеттеріне қызғанышпен қарайды. Басқа бір қалыптасып қалған бағыт – ол Қазақстанның ғарыш және атом өнеркәсібін де өз ықпалында сақтап қалу болып табылады. Кейде, сәл уақыт бұрын Қазақстан бұл салада Ресейден бөлініп кете алады деп ойлаудың өзі қиын болатын. Жалпы айтқанда бұл өңір Ресей үшін түптеп келгенде ауған героинінен, діни экстремизмнен және лаңкестіктен сақтайтын буферлік аймақ болатындығымен маңызды. Оның Тәжікстандағы да, Қырғызстандағы да және Өзбекстандағы да оқиғаларға назар аударып отыруы осымен түсіндіріледі.

Орталық Азияның мемлекеттері халқының саны 1,4 миллиардқа жеткен алып держава Қытаймен шектеседі. Қытайдың экономикалық даму қарқынына Батыс елдері сақтана қарайтын болды. Жақында ішкі жалпы өнімі бойынша Италияны басып озған Қытай, әлемдегі жетекші жеті мемлекеттің сапына қосылды. Бұл, әрине, оның жетістігінің шыңы емес. Сарапшылар Қытай Англия мен Францияны да артқа тастай алатынын айтады. Бұл – бейбіт, экономикалық, технологиялық жарыстағы жетістіктер болғанын батыс елдері қанағат тұтып отыр.

Саясатты экономика белгілейді десек, қазіргі кезеңде Орталық Азияның даму бағдарын белгілеуде Қытай Халық Республикасы жетекші орын алады. Аймаққа қатысты саясатында сақтық танытуы Пекиннің басты сыртқы саяси мәселелі ошақтары – Тайваньмен оңтүстік теңіздегі аралдық даулы жерлердің Азия-Тынық мұхит аймағында орналасуына да байланысты. ҚХР-ның Орталық Азиядағы мүдделерін қытайлық зерттеуші Чжао Хуашэн келесідей тұжырымдайды:

– терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу;

– шекаралық аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

– аймақтағы тұрақтылықты сақтау;

– экономикалық дамуда қолғабыс ету;

– аймақ елдері мен Қытай арасында достық қатынас орнауына жағдай жасау;

– ОА-ның Қытаймен араздастық қатынастағы елдердің монополиялық бақылауына өтуін алдын алу;

- аймақта Қытайға қарсы әскери одақтардың орын алуын болдырмау;
- аймақтың энергетикалық ресурстарын Қытай үшін қол жетімді ету [3, 50 б.].

Әлемдік держава ретінде даму үстіндегі Қытай өзінің сыртқы саясатында американдық know how – «ақырын өрмелеу саясатын» (soft power) ұстанады. Аталмыш стратегия аясында ел мен оның мәдениетін тек қана өзге мемлекеттердің басшылықтары үшін емес, сонымен қатар күллі халықтар үшін анағұрлым жақын ету көзделген. Осы тұста ҚХР-дың ОА аймағына географиялық тұрғыда жақын орналасуы да тысқары қалмады. 1990-жылдардың бірінші жартысында аймақтағы Ресей рөлінің бәсеңдеуі, 2001 ж. кейін қалыптасқан ОА-лық геосаяси кеңістіктің американдық-натолық күштермен толығу қаупі Пекиннің аймақта белсенділігін арттыруына түрткі болған жағдайлар.

Анағұрлым елеулі жетістіктерге Қытай мен Қазақстан қарым-қатынасы шеңберінде қол жеткізілді. Екі ел арасындағы энергетикалық сала бойынша байланыс үдемелі әрі серпінді сипатта дамып келеді. Сонымен қатар ҚХР тарапы бағалы көмірсутектік шикізат тасымалдаушы және құбыр жүйелері үшін тиімді транзиттік мемлекеттер ретінде Түркменстан мен Өзбекстанға да үлкен үміт артып отыр. Қытайдың орталық азиялық елдермен қарым-қатынасы тек қана энергетикалық саламен шектелмейді, өзара тоғысқан ортақ қауіпсіздік мәселелерін де қамтиды.

ҚХР-дың барлық саясаты, оның Орталық Азияда да, бүкіл әлемде де байқалатын жетістігі – өзінің «Үлкен Қытай» атты жаңа геосаяси тұжырымдамасына жақсы көрініп тұр. Қытайдың бұл тұжырымдамасы жеке өзінің экономикалық өркендеуі мақсатында саяси және экономикалық ықпалын елден тыс жерге кеңейтуді көздейді. Қытай өнеркәсіп өндірісінің жоғарғы қарқынын ұстап тұру үшін стратегиялық ресурстарға өте мұқтаж және Орталық Азия әлемнің басқа өңірлері сияқты осы міндетті шешуі тиіс.

Әлемдік қаржы дағдарысына қарамай, орасан зор қаржылық мүмкіндіктері болғандықтан, ҚХР Орта Азия республикаларымен инвестициялау, несиелеу немесе бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерінде бәсекелестер арасында ұтымды жағдайда тұр және оны табысты пайдаланып та жүр. Бұдан басқа, қытайлықтардың тағы бір басымдығы бар: ҚХР қарым-қатынаста ешқашан идеологиялық компоненттерді пайдаланбайды, яғни оған АҚШ пен Еуропа елдеріне қарағанда қандай саяси режиммен байланыс жасағаны маңызды емес. Қытай үшін режимнің тұрақтылығы мен биліктің сабақтастығы маңызды.

Қытайдың Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы Орталық Азияда Қытай мүддесі бірнеше факторлармен анықталады. Біріншіден, Пекин «Шығыс Түркістандағы» сепаратистік күштерге қатысты мәселелерді шешуге ұмтылуы, екіншіден, Орталық Азия аймағын стратегиялық жоспардағы тұрақты тыл ретінде сақтауға тырысуы, энергоресурстарды потенциалды қамтамасыз ететін аумақ ретінде және экономикада өзінің әріптестігі ретінде мемлекеттерді қарастыруы. ҚХР басты мақсаты – осы аумақтың Қытай шеңберінен шығыс-түркістандық күштердің базасы және олардың халықаралық терроризм байланысындағы каналы болуына жол бермеу. Сондықтан Қытай Орталық Азия мемлекеттерінің үкіметтеріне өз территорияларында сепаратистердің жұмысын шектеу және ҚХР-на территориялары арқылы террористік және экстремистік құрылымдардың өкілдерінің өтуіне жол бермеуді ұсынады [4]. СУАР мен ОА мемлекеттерінің қауіпсіздігі өзара байланысты және ОА тұрақсыздық жағдайы Солтүстік-Шығыс Қытайдағы қауіпсіздігіне өз әсерін тигізеді. Қытай ұжымдасып қорғану шеңберінде аумақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ОА елдері мен Ресеймен өзара ынтымақтастыққа талпынады. Бұл ШЫҰ негізгі міндеті болып табылады. Қытайдың тұрақты стратегиялық тылы ретінде ОА аймағын сақтау – Пекиннің жаһандық стратегиясы мен геосаясатында маңызды аспект болып табылады. Қытайдың оңтүстік-шығысында орналасқан аумақ Қытай сыртқы саясатында бірінші орынға ие.

Бүгінгі күндегі Қытайдың «Батыстың дамуы» саясаты – ОА елдерінің экономикасы мен ҚХР экономикасы интеграциясының басты құралы. Бұл қазіргі Ресейдегі мұнай өндіру үрдісіне байланысты Қытайлық қорлардың 2040 жылда сарқылуынан шығып отыр. Сондықтан ОА-дағы энергетикалық ресурстар ХХІ ғасырда Қытайдың даму стратегиясы қамтамасыз етудегі үлкен мәнге ие.

Орталық Азия төңірегінде саяси трансформациялануды жүзеге асыруда «әлем бойынша демократияның таралуына мамандандырылған» үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар мен институттар жұмылдырылған. Солардың қатарына АҚШ Мемлекеттік департаменті жанында құрылған Демократия, адам және еңбек құқығы бюросы жатады. Аталмыш институт демократиялану бағдарламаларын (сайлау мониторингтары, парламентаризмді дамыту, т.б.)

қолдау және дамыту жұмыстарын 1998 жылы қалыптасқан Адам құқығы және демократия қоры арқылы жүзеге асырады.

Американдық саясаттың келесі ықпалды құралдарының біріне Халықаралық даму жөніндегі АҚШ федералды үкіметтік агенттігі (U.S. Agency for International Development – USAID) жатады. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропаны қалпына келтіру бойынша Маршалл жоспарының тікелей баламасы болып табылатын USAID әлемнің «демократиялық құндылықтарды» қабылдауға дайын деп жарияланған мемлекеттерін қаржыландырады. Осындай мемлекеттердің қатарына КСРО-ның ыдырауынан кейін орталық азиялық елдер де қосылды; кейбірімен АҚШ ерекше қарым-қатынастар орнатты: Қазақстанмен «Стратегиялық әріптестік туралы Хартия», Өзбекстанмен «Стратегиялық әріптестік туралы Декларация», Тәжікстан Республикасымен «Бірлескен мәлімдеме» жасасты.

АҚШ Мемлекеттік департаментімен қатар Орталық Азиядағы демократиялану бағдарламалары бірқатар басқа да мемлекеттік емес құрылымдар мен қорлар күштерімен жобаланып, қаржыландырылып жатыр. Сорос қорының ұлттық бөлімшелері, Джордж Соросстың айтуынша «өңірде демократиялық үрдіске қолғабыс ету» мақсатында, аймақтың Түркменстаннан өзге барлық мемлекеттерінде қызмет етеді.

Орталық Азияға қатысты осы заманғы американдық стратегияның жаңа элементіне «Үлкен Орталық Азия» жобасы жатады. Жоба географиялық қайта форматталған және «кеңейтілген» Орталық Азия негізіндегі АҚШ-қа қарасты орталықтанған әрі бекітілген аймақ үсті қауіпсіздік құрылымы болып табылады [5]. Аталмыш жоба аясында аймақтың бес еліне Ауғанстан, Үндістан және Түркия секілді АҚШ бойынша демократиялану үрдістеріне жол ашқан елдерді қоса қарастыру көзделінген. АҚШ-тың басты бәсекелестері саналатын Ресей мен Қытай демократиялық критерийлерге сай болмауы және аймақтың қауіпсіз дамуына қолайлы жағдай жасай алмауы себептерінен бұл мемлекеттерді аймақтық үрдістерден аластату жоспарланып отыр.

«Үлкен Орталық Азия» АҚШ-қа демократияның дамуын қадағалау үшін емес, қандай да өзге сыртқы саяси ойыншылар (Ресей, Қытай) және осы акторлар көшбасшылық етіп отырған кейбір құрылымдар (ҰҚШҰ, ШЫҰ) тарапынан кедергіге ұшырамай, аймақтағы барлық экономикалық және саяси үрдістерді бақылау мақсатында қажет. Дегенмен, Орталық Азияны Батыс өлшемдері бойынша демократияландыруға бағытталған және аймақта Ресей мен Қытайдың болуын шектеп отырған мұндай АҚШ саясаты бүгінде өзінің тиімсіз екендігін, әрі нәтижелілігінің төмендігін көрсетті. Себебі аймақ елдерінің транзитті экономикаларының талаптары өзге шаралар мен ұстанымдарды керек етеді.

Жалпы алғанда 1990-жылдары бастауын алған АҚШ басшылығындағы бір полярлы әлем қазіргі таңда заман ағымына сай қыр көрестулермен күресуде өзінің қабілетсіздігін танытып отыр. Ал Құрама Штаттары болса, қоғамдық дамудың озық әрі ең тиімді үлгісі ретіндегі өз орнын күннен-күнге жоғалтуда. Бұл үрдіс көп жағдайда АҚШ-тың әлемде де, Орталық Азияда да өз объективті көшбасшылық рөлін үстем ету, күш қолданумен ұштаса жүргізуі себебінен етек алып келеді.

Орталық Азияның геосаяси мәні туралы кейбір сараптамалық бағалауларда негізгі екі аңыз таралған. Біріншісі – америкалық бизнес үміт етіп отырған өңірдегі бай стратегиялық ресурстары үшін АҚШ-тың өңірдегі әскери-саяси тұрақтылыққа мүдделігі. Екіншісі – АҚШ-тың халықаралық лаңкестікті жеңуге деген риясыз ұмтылысы үшін американдық жауынгерлер Ауғанстанда қан төгіп, ал ел экономикасы соғыс ауыртпалығын көтеріп келеді [6, 310 б.].

АҚШ-тың Орталық Азиядағы стратегиясы бірден анықталған жоқ, ол көптеген жылдар бойына өзінің мақсатын түсінудің бір түрінен одан да нақтырақ міндеттер түріне өзгеріп отырды. 2001-ші жылғы Ауғанстандағы лаңкестікке қарсы әскери «Мызғымас бостандық» операциясының басталуы, сөзсіз, бетбұрыс болды. 2002-ші жылы АҚШ мемлекеттік хатшысы Колин Пауэлл, америка конгресінің өкілдер палатасының халықаралық қатынастар жөніндегі комитет мүшелерінің алдында сөйлеген сөзінде «АҚШ Орталық Азияда бұрын түсіне де кірмеген ұзақ мерзімдік мүдделілік пен әскери орналасуға қол жеткізеді» деп нақты атап көрсетті. «Аль-Каеданың» АҚШ-қа лаңкестік шабуылы оған Орталық Азияда жаңа геосаяси ойын бастауына мүмкіндік берді. Ол ойынның таза мақсаты – өңірден Ресейді ығыстырып шығару және Қытайдың Парсы шығанағына деген ұмтылысына шектеу қою. Көрініп тұрғандай, көп жағдайда экономикалық мүддеден гөрі саяси мүдде басым. Айтылғанның дәлелі ретінде американдық сыртқы саясат сараптама институтының 2004-ші жылы АҚШ мемлекеттік

департаментіне дайындаған «АҚШ-тың стратегиясы мен оперативтік жоспарындағы Орталық Азия» атты баяндамасын келтіруге болады. Онда фундаменталдық проблемаларға тоқталған және АҚШ-тың өңірдегі орнығу сценарийлері келтірілген [7, 52 б.].

АҚШ-тың Орталық Азия аймағына деген қызығушылығының бүгінгі деңгейіне баға бере отырып Орталық Азия бойынша ең үздік мамандардың бірі Марта Брилл Олкотт ВРС радиостансиясына берген сұхбатында: «Американ тарабы, сөзсіз, Орталық Азияға қызығушылық білдіріп отыр, алайда бұрынғыдай «ынтық» емес. Ол үшін қазір ең басты тақырып Ауғанстандағы жағдай. Сондықтан Обаманың әкімшілігі осы елді өзінің сыртқы саясатының нөмірі бірінші басымдығы етіп отыр. Осы себепті де, бүгін АҚШ Азияда болып жатқан кез келген оқиғаға дәл осы Ауғанстан мәселесі арқылы қарап отыр деп айтуға болады» – деді.

Сөздерін қорыта келе Олкотт ханым: «Сайып келгенде, біреуге ұнасын не ұнамасын, аймақта Қытай рөлінің артатыны анық. Ал егер Ресей мен АҚШ-қа келетін болсақ, бұл жерде барлығы да олардың өздеріне ғана байланысты», – деді [8, 50 б.].

Құрылымдық ерекшеліктеріне сәйкес Еуропалық Одақ Орталық Азия аймағында өзіндік орын алады. 1993 жылғы Маастрихт келісімі ЕО саясатының жаңа тетіктерін айқындады, солардың қатарында аймақтық саясат жүргізуде Еуропадан тыс жерлерде белсенділікті арттыру қолға алынды. Аталмыш саяси қадам шеңберінде одақ барлық орталықазиялық мемлекеттермен әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім жасасты. Бұл бірінші кезекте ЕО-ның аймақтағы орнын анықтаушы акт ретінде танылды. Кейін ЕО аймақпен «энергетикалық диалог» құра отырып, бұл бағытты Еуропаның ресейлік тасымалға тәуелділіктен арылудағы сыртқы саясаттың басты мақсаты ретінде жариялады. Негізінен аталмыш курс аймақтағы АҚШ мүддесіне сай келеді. ЕО үшін Еуропаны есірткі заттары ағыны мен заңсыз миграциядан арашалау міндеттері де маңызды мәселелер болып табылады [9].

ЕО мүддесі аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылыққа, сонымен қатар Адам құқықтары мен Орталық Азия мемлекеттеріндегі заң үстемдігіне негізделген. Төмендегідей себептердің болуы осыны айқындап отыр:

- Орталық Азияда аймақаралық мәселелер көлемінің артуы, сонымен қатар стратегиялық, экономикалық әрі саяси даму ЕО мүдделеріне тікелей немесе жанама әсер етеді;

- ЕО-ның кеңеюімен, Еуропалық тату көршілік саясаты мен «Қара теңізі аумағында ортақ қызмет ету бастамасына» Оңтүстік Кавказ аймағының қосылуы ОА мен ЕО қарым-қатынасын одан әрі жақындастырады;

- ОА аймағының елеулі көлемдегі энергетикалық ресурстары мен аймақ елдерінің сауда әріптестері мен тасымалдау жолдарын диверсификациялау мақсаты ЕО-тың энергетикалық қауіпсіздік пен энергиямен қамтамасыз етілу мүдделерін қанағаттандыруына мүмкіндік туғызады [10, 128 б.].

ЕО-ның аймақтағы геосаяси мүддесі күн өткен сайын кеңею үстінде. 2007 жылы одаққа төрағалық еткен Германия өз кезегінде «2007–2013 жылдарға арналған ЕО-ның Орталық Азияға қатысты стратегиясы» атты жаңа құжат даярлады. Аталмыш құжатта экономикамен қатар қауіпсіздік және саяси даму салаларында да қатынасты интенсификациялау одақтың аймақтағы басым бағыттары деп белгіленген. Жаңа еуропалық стратегияның тұсаукесері 2007 жылы Астана қаласында «ЕО үштігі – Орталық Азия мемлекеттері» форматындағы 2004 жылдан бергі төртінші ЕО өкілдері мен ОА мемлекеттері сыртқы істер министрлері кездесуі шеңберінде өткен еді. Одақ тарапынан БҰҰ және ЕҚЫҰ секілді халықаралық құрылымдардың ресурстарын тарту арқылы ынтымақтастықты нығайту ұсынылғын болатын. Сонымен қатар орталық азиялық мемлекеттердің Ауғанстандағы жағдайды қалпына келтіру бойынша қатысым алу мүмкіндіктері де одақ тарапынан қолдау тапты; есірткі заттарын сату және кедейшілікпен күресуде, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін даярлау бойынша, жаңа жол тораптары, мұнай және газ құбырларын құруда аймаққа көмек көрсетілетіні жайында сөз қозғалды. Осы қадамдарды жүзеге асыру мақсатында одақ ОА елдеріне 750 млн. Еуро көлемінде қаржы бөлді. 2007 жылы маусымның 22-сінде қабылданған Еуропалық Одақтың Орталық Азия елдері бойынша Стратегиясы екі өңір арасындағы ынтымақтастықтың жақын келешектегі дамуын анықтайтын болады. ЕО пен Орталық Азия аралығындағы қарым-қатынас ТАСИС (Technical Assistance for the Commonwealth of Independent States – Тәуелсіз мемлекеттер достастығына техникалық көмек) бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды. 2001 жылдың қаңтарынан аталмыш бағдарлама ЕО-ның жаңа жобасы – «Тату көршілік және әріптестіктің еуропалық құралымен» (ЕИДП) ауыстырылды. Аймақта, барлық ТМД аумағында секілді, бастапқыдан жүргізіліп

келе жатырған екі бағдарлама өз жұмысын жалғастыруда. Оларға Еуропа, Кавказ және Азия арасында байланыс, сауда және экономикалық байланыстарды дамытуға бағытталған TRACECA (Transport Corridor Europe Central Asia – TRACECA) және Еуропаны Каспийдің мұнай және газ ресурстары негізінде энергиямен қамтамасыз ету мәселелерін қамтитын ИНОГЕЙТ (Interstate Oil and Gas Transportation to Europe – INOGATE). ЕО өз бағдарламаларының іс жүзінде орындалуы үшін БҰҰ, ЕҚЫҰ, Миграция бойынша халықаралық ұйым, Халықаралық валюталық қор секілді халықаралық құрылымдарды тартуды көздеп отыр. «Одақ бейбіт, демократиялық әрі экономикалық тұрғыда дамыған Орталық Азияны қалайды», осы тұста жаңа әріптестіктің төмендегідей нақты қадамдары анықталды:

- сыртқы істер министрлері деңгейінде ЕО-ОА аймақтық саяси диалогын тұрақты түрде жұмыс жасауын реттеп отыру;

- ОА мемлекеттерінде «Білім беру саласындағы еуропалық бастаманы» жүзеге асыру және «Электронды Жібек жолы» жобасын дамытуда қолдау көрсету;

- «Заң үстемдігі бойынша ЕО бастамаларын» жандандыру;

- ОА-ның әрбір мемлекетімен нақты нәтижелер алу көзделген адам құқығы бойынша тұрақты диалогты қамтамасыз ету;

- Аймақ елдерімен жүйелі түрде «энергетикалық диалог» жүргізу [11].

2013 жылы Еуроодақтың Орталық Азия аймағындағы Стратегиясы өзінің мәресіне жетті. Аталған стратегияға бас-аяғы 719 млн. еуро бөлінген болатын. Саясаттанушылар мен сарапшы мамандардың пікірінше, алдағы уақытта аталған бағыт бойынша Еуроодақтың жаңа Стратегиясы жасалынбақ. Еурокомиссар Андريس Пиебалгстің сөзіне қарағанда 2020 жылға дейін Еуроодақ тарапынан Орталық Азия елдерімен арадағы әріптестік байланысқа 1 млрд. еуро бағытталатын болады. «Еуразия әлемі» сарапшылар клубының кезекті отырысы «Еуропа Орталық Азиядан не іздейді?» деген тақырыпқа арналды. Жиынға қатысушылар арасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Еуропалық ақпараттық орталық директоры Құралай Байзақова осы тараптағы өз пікірін ортаға салды: ОА-ның экономикасы дамыған сайын біздің аймаққа деген Еуроодақтың назары артып келеді. Орта Азия аймағына қатысты Батыстың мақсаты әлдеқашан анықталған, алайда оларды жүзеге асырудың құралдары жетілмегенін айта кету керек. Бұған қоса, Стратегияны жүзеге асыруға бөлінген қаржы да мардымсыз болды. Байқар болсақ, ОА аймағы мен ЕО арасындағы әріптестік алғашқыда демографиялық құндылықтарды дамыту, инвестиция, сауда бағыттарымен ғана шектелген еді, соңғы жылдары энергетика, транспорт, құқықтық тәртіп және қауіпсіздікті сақтау бағыттары да қамтылып отыр. Осынау құжат ЕО елдері мен ОА елдерінің арасындағы әріптестікті жаңа деңгейге көтеруге тиіс болатын. Менің ойымша, Батыс аталған Стратегияны 2007 жылдан сәл ертерек қолға алу керек еді. Сонда барлығы басқаша болар ма еді. Иә, Стратегияның әлсіз тұстары болды, себебі оны жүзеге асыратын механизмдер болған жоқ. Бірақ, бұл Стратегия міндетті түрде орындалуы қажет құқықтық құжат емес. Біз бұл арада мына бір жайтты назарымыздан тыс қалдырғандаймыз: Стратегияның орындалуында неліктен олқылықтар орын алды? Себебі, Еуроодақ Орта Азия елдерінің арасындағы болмыстық айырмашылықтарды, олардың өзара қырғиқабақ жағдайға түскен сәттерін назарға алған жоқ. Бұған келісетін шығарсыздар, әзіргі күні ОА-да бір жұдырыққа жұмылып отырған жоқ. Екіншіден, ЕО – ОА елдерінің барлығы мүше болып табылатын ШЫҰ, ЕурАззқ сияқты ұйымдармен ұжымдаса жұмыс істеуді қаламады. Дегенмен, өз басым ОА-дағы Батыстың ықпалы артып келе жатыр деп санаймын және де Стратегияны құрарда Еуроодақтың Ресейді назарынан қалыс қалдыруы еш мүмкін емес. Брюссель аталған аймақта Ресейдің де мүдделері бар екенін жақсы біледі. Алайда дәл қазір Еуропаны Ресей емес, Орталық Азияға қатысты Қытайдың стратегиясы алаңдатып отыр.

Ойымды түйіндер болсам, бізге қалай болғанда да ЕО қажет. Біз, яғни Орталық Азия аймағы Батыспен арадағы әріптестікке мұқтажбыз. Себебі, олардан үйренеріміз көп. Айталық, терроризм, экстремизм, есірткі саудасы сияқты халықаралық қылмыстардың жолын кесуде Еуропаның тәжірибесі мол. Иә, Батысты бірінші кезекте экономикалық және энергетикалық саладағы әріптестік алаңдатары анық. Алайда, ЕО адам құқығын қорғау мәселесін де назарынан тыс қалдырмайды. Бұл бағытта жетілдіруді қажет ететін дүниелер жетіп артылады. Еуропаға Орталық Азия мемлекеттерінің демократиялық елге айналуы аса маңызды. 90-жылдары бұл мәселе аса өзекті еді. Себебі, Батыс біздің елдердің мұсылман халифатына айналып кетуінен қауіптенген болатын. Қазіргі жағдай сәл-пәл өзгерді, ЕО аймақтағы демократиялық процестерді біртіндеп дамыту қажет екендігін түсінді [12].

Ресей, Қытай және Батыс (АҚШ және ЕО) ОА мемлекеттерінің шынайы әріптесі ретінде танылуға бір мезгілде талпынып келеді. Еуропа мен АҚШ өз кезегінде Ресей мен Қытайға Орталық Азия үшін «Үлкен ойында» жол беріп жатқандарын түсінеді және қазіргі кезде олар аймақпен сараптамалық деңгейде жақындасу мүмкіндіктерін іздестіруде.

«Жаңа Жібек жолы» аясында (The New Silk Road) АҚШ Оңтүстік және Орталық Азия елдерімен сауда байланысын нығайту үшін қолайлы жағдай жасауға мүдделі. АҚШ Мемлекеттік хатшысының көмекшісі Роберт Блэйктің айтуынша, Оңтүстік және Орталық Азиямен арадағы осы аймақтың елдеріне, әсіресе Ауғанстан мен Пәкістанға пайда әкелетіндей сауда және транзиттік байланыстың жетілдірілген әрі кең ауқымды желісіне айналуы тиіс. Болашақ аймақтық серіктестіктің мысалы ретінде Блэйк Түрікменстан, Ауғанстан, Пәкістан мен Үндістанды жалғайтын газ құбырларының құрылысы жобасын атап отыр. Әрі қарай ол Қырғызстан мен Тәжікстаннан Ауғанстан аумағы арқылы Пәкістанға электр энергиясын тасымалдауға мүмкіндік беретін CASA-100 жобасын еске алады. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Х.Клинтонның 2011 жылдың күз айларында Ауғанстан, Пәкістан, Тәжікстанда шұғыл түрдегі іссапарының мақсаты Ресейдің Еуразия құрылығында қайтадан империялық амбициясының, ой-пікірінің жандануына жол бермеу үшін оның экономикалық әлеуетін, күшін әлсірету. АҚШ-тың «Жаңа Жібек Жолы» жобасын осы бағыттағы әрекеті ретінде қабылдауға болады. Жалпы, «Жаңа Жібек жолының» тұжырымдамасы 2009 жылы пайда болды. Бұл жобаны, 2005 жылдың наурыз айында Вашингтондағы Дж.Хопкинс атындағы университеттің халықаралық зерттеулер Жоғарғы мектебі жанындағы Орталық Азия және Кавказды зерттеу институты дайындаған «Үлкен Орталық Азия» жобасының экономикалық бағыты не жалғасы деуге болады. Саяси, әскери зерттеулер нәтижесінде өмірге келген бұл жоба Ауғанстанда тұрақтылық орнатып, Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастыққа шақыру болатын. Әскер шығарылғаннан кейін Орталық Азияның (Орталық Азия + Ауғанстан, Үндістан мен Пәкістан) дамуына жағдай жасау – басты міндеттердің бірі. Жаңа жоба бойынша АҚШ-тың Ауғанстан мен Пәкістан бойынша арнайы өкілі Марк Гроссман «Жаңа Жібек жолы» идеясы – Орталық Азиядан Нью-Делиге дейін созылған маңызды аумақты экономикалық дамыту мен гүлдендірудің жолы. Біздің заманымызда «Жібек жолы» термині әлемдік экономикаға интеграциялануды, Азия елдері арасындағы сауданы, азиялық мемлекеттердің еуропалық мемлекеттермен арасындағы саудасын білдіретін терминге айналды» деген болатын [13].

Әлемдегі жетекші державалардың шынайы мақсаты мен мотивтері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыру мақсатында Орталық Азия аймағы елдерінің өзара ықпалдасуы және әлемнің жетекші елдерімен екі-жақты саяси және экономикалық ынтымақтастығы, өңірлік қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатындағы, геосаяси факторлар бойынша өзара ықпалдасуын жоғары деңгейге шығаруға ұмтылысы және ұзақ мерзімді стратегиясы басшылыққа алынды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ашимбаев М. Современная геополитическая ситуация в центральной Азии в контексте интересов мировых и региональных держав // Казахстан в глобальных процессах, 2005, 2.
- 2 Чжао Хуашэн. Китай, Россия, США: интересы, позиции, взаимоотношения в Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. – №5.
- 3 Бао И. Китай: стратегические интересы в Центральной Азии и сотрудничество со странами региона // Центральная Азия и Кавказ. – 2008. – №5(17).
- 4 Ли Лифань, Дин Шиу. Геополитические интересы России, США и Китая в Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. – №3.
- 5 Курганбаев А.Х., Мовкебаев Г.А. Центральная Азия сегодня: геополитический дискурс/ Интересы ЕС, КНР, России и США в Центральной Азии. – Бишкек: Фонд им.Ф.Эберта, Исслед. центр «Седеп», 2004.
- 6 Годы, которые изменили Центральную Азию. / под ред. Т.Мастюгина. М., 2009.
- 7 Курганбаев А.Х., Мовкебаев Г.А. Центральная Азия сегодня: геополитический дискурс/ Интересы ЕС, КНР, России и США в Центральной Азии. – Бишкек: Фонд им.Ф.Эберта, Исслед. центр «Седеп», 2004.
- 8 Nancy Lubin. Central Asia: issues and challenges for United States policy. In Ali Banuazizi and Myron Weiner, eds., The New Geopolitics of Central Asia and Its Borderlands. Bloomington: Indiana Inversity Press, 1994.

9 М.Лаймуллин. *Центральная Азия*. Выпуск № 11 (377). 23 наурыз, 2011. <http://vpk-news.ru/articles/7355>.

10 Байзакова К. И., Губайдуллина М. Ш. *Опыт европейской интеграции его применение на территории Центральной Азии//Центральная Азия во внешней политике Европейского Союза/ Под ред. Ж.У. Ибрашева. Алматы, 2004.*

11 М.Тәжин. «New Europe» апталығында жарияланған мақаласы. 15 мамыр, 2010. <http://kz.government.kz/documents/publications/126>.

12 Еуроодақ және Орталық Азия: әріптестік байланыстардың аясы қашан кеңейеді? – 20 желтоқсан, 2013.–дайындаған Шынар Қанай / www.turkystan.kz/articles/view/38693.

13 Жарқын Түсіпбекұлы // Саяси бюро. «Жаңа Жібек жолының» астарында не жатыр? alashainasy.kz/politics28327.